

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1297 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2297 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 448 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.05.2013 N 448 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1297 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 44, 441-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша да:  
реттік нөмірі 3-жолдың 2-бағанындағы «Денсаулық сақтау,» деген сөздер  
а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:

«

3-1	Денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру	кемінде 5
-----	--------------------------------------------------------------------------	-----------

».

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*